

- иностранный язык // ИЯШ. – 2000. – № 2. – 22 б.
3. Могилёв А.В. Интернет приходит в школу. – Воронеж, ВГПУ, 2001. – 104 б.
 4. Полат Е.С. Интернет на уроках иностранного языка // ИЯШ. – 2001. – № 2. – 18 б.
 5. Полилова Т.А., Пономарева В.В. Внедрение компьютерных технологий в преподавание иностранных языков. // ИЯШ. – 1997. – №6. – 27 б.
 6. Электронные интерактивные доски SMART board – новые технологии в образовании / <http://www.smartboard.ru/>

* * *

Основной целью изучения иностранного языка в школе

является формирование коммуникативной компетенции, которая предусматривает формирование способности к межкультурному взаимодействию. В данной статье рассматриваются разные методы использования мультимедийных программ и интернет-ресурсов как наиболее эффективных методов преподавания иностранного языка в школе. Интернет предоставляет уникальные возможности для изучения иностранного языка, создавая естественную языковую среду.

* * *

The main aim of the teaching of a foreign language is the formation and development of communicational culture. The objectives of the following article are to create the conditions for successful implementation of the multimedia programmes and Internet sources as a means of communication. The Internet creates the tremendous opportunities for learners of a foreign language; it creates the natural communication environment.

Б. Мұқай әңгімелеріндегі өмір шындығының көркемделуі

Ж. Нуркадырова

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың I курс магистранты, Алматы, Қазақстан

Аннотация. Бұл мақалада Б. Мұқай әңгімелерінде адам болмысын философиялық, адамгершілік-эстетикалық тұрғыдан бейнелеуге ұмтыла отырып, балалық кезеңге тән адам бейнесін сомдауға қалам тартқан туындылары жайында айтылады.

Б. Мұқай әр түрлі тақырыпта оқырманын елітіп, өмірдегі болып жатқан көріністі көркемдеп жаза білген туындыгер. Қазақ жаңа әдебиетінің бастау қайнарында тұрған күдіретті талант иелерінің бәріне тән ортақ асыл қасиет – көпқырлылық. Бұл ерекшелікті драматург, прозаик Б. Мұқай шығармаларынан да көруге болады. Жазушы әңгімелері көркемділігімен замана мәселелерін дөп баса суреттеуімен оқырманын елітеді.

Жазушының өзіншілдік пен қара бастың қамын күйтеген менмендіктен безіндіру мақсатындағы дүние құбылыстарына үңіле отырып, көркем сыр түйген әңгімесінің бірі – “Жаңбыр жауып тұр” әңгімесі. Бұл – автордың алғашқы туындыларының бірі. Әлі де жазушының стилі мен көркемдік саралауы толық қалыптаса қоймаған уақыт еншісіндегі бұл әңгімедегі айналадағы дүние құбылыстары пайымдалып, кейіпкердің жан әлеміндегі құбылыстардағы оның өз ойын, ішкі толқуы түрінде сипатталады.

Адам баласының мінез-қырларының әр қилылығын ескере отырып, жағымсыздықтың ара-тұра кездесетінін жоққа шығаруға болмайды. “Внутренний монолог позволяет казах-

ским писателям точно ставят глубинные тенденции общественного прогресса через образную и метафорическую “запись” движения интимно-личных, гражданских и социальных чувств в их единств” [1, 198 б.]. Туындыда кейіпкердің ішкі монологы арқылы шегіністер жасалып, кейіпкер ойымен өрбіп отырады. Көркем шығармалардағы авторлық ұстанымның айқын көрініс табуының басты кілті – ішкі монолог болып табылады. Әдебиет зертеушісі М. Атымов: “Ішкі монологта көбінесе сөйлеуші адам өз өмірінен өзінің ішкі жан дүниесіне тереңдей еніп, өз психологиясынан хабарадар береді. Жазушы қаһарманның өзімен өзі сөй-лестіру арқылы оның өзінен басқа жанға сез-діргісі келмейтін жасырын сырларына дейін оқушыны жетектеп, ертіп апарды” [2, 70 б.], деп ой түйеді. “Жаңбыр жауып тұр” әңгімесіндегі жауып тұрған жаңбыр шығарманың ішкі мазмұнын, идеялық сапасын байытып, оқырманды көңілсіз бір жағдайға дайындағандай. Яғни табиғат пен болашақ оқиға сипаты пейзаж аясында өмірдің әлеуметтік сырын ашуға арқау болған. “Көркем шығармада табиғат барша объективті болмысымен суреттелген күнде де, адам өмірінен алатын рухани эстетикалық

мәнімен бірлікте бейнеленбек. Кейіпкер психологиясында белең беретін сан қырлы эмоционалды құбылыстар оны қоршаған әлемге көзқарасы, нақты бір кезең, сәттегі экспрессивты жан толқыныстары арқылы неғұрлым толымды өрнектелетіні дау тудырмаса керек” [3, 34 б.] деген зерттеуші ғалым Б. Майтанов тұжырымына сүйенсек, әңгіме бойындағы жаңбыр кейіпкер әлеміне өзгеріс енгізуге күш салуға арналғандай. Осы жаңбыр аясында жігіттің ойы, толғанысы арқылы кейіпкердің характері, бүкіл адамгершілік идеясы азаматтық нысанын көркемдеуге тырысқан. Бас кейіпкер толғаныстары барында замана мәселелері көтеріледі. Өмір туралы ой толғайды. Әңгіме барысында жас жігіттің психологиясы бір күйден екінші күйге ауысып отырады. Осы жолда автор артық мінездемеден, құрғақ баяндаудан іргесін аулақ сала отырып, кейіпкер жан-дүниесі ішкі монолог арқылы да, диалог арқылы да ашылады. Көркемдік әлемінде бейнелеуші амал-тәсілдердің әрбірінің өзіндік қыз-метін даралап ұғынған, жекелеген табиғатын толық таныған жазушының ішкі монологтары өмір шындығының көркем түйінделген ше-шімі. Автор – көркем шығарманы қалай жазып шықса да еркі өзінде. Бірақ, кейде оған бағын-бай кететін тұстары да жоқ емес. Осы жерде жазушы баяндаудың шығарма құрылымын ұйымдастыратын негізгі тәсіл болып табылатынын тура түсінген. Осы тұрғыда Баққожа Мұқай да таңдаған тақырыбымен соған үйлес кейіпкерін ішкі ойына бағындыра отырып, сәтті көркем шығармалар жазып шыққан.

Бұған қоса, осында суреттеліп отырған негізгі сарынға үндес етіп, сол ортаның ерекшеліктері мен болмысын айқын көрсететін көркемдік тәсіл ретінде – біз сөз еткен көркем құралдарды шебер пайдаланаған, аса қажеттілікпен керегіне жарата білген.

Көркемдік толып жатқан элементтер мен олардың компоненттерінің, яғни сюжет пен композицияның, тіл мен стильдің қарым-қатынасы бірлігінен құралатыны белгілі. Яғни, автордың баяндау мәнерінен жасалады. Баяндаудың сәтті шығуында автордың дүниетанымы мен жеке творчестволық бағыты композиция мен сюжет, кеңістік пен уақыт ұғымдары арасындағы байланысты түсіне білу қабілеті, көркем деталь-штрихтарды қолдану машығы үлкен роль атқарады.

Кез-келген жазушы шығарманың өн бойында баяндаудың ерекше ритмді түрін қолданып, негізгі сюжеттік мағына мен кейіпкерлерін көрсету үшін әртүрлі әдіс-амалдарға бой

ұрады. Өз кезінің өзекті шындығын кесек-кесек толыққанды образдармен елестетіп, көрсетеді, өз шығармаларында жаңа кезеңге үн қосумен бірге оның аяқ алысын анық аңғарған Б. Мұқай іс-әрекеті, мінез-кұлқы нағыз табиғи қалыпта бейнеленген кейіпкерлер сомдауға талпынады. Сөйтіп, өмір шындығының нағыз қайшылықтарының бәрін толық мәнінде бейнелеуге тырысты. Ащы шындықты айтып, әлеуметтік өмірдің көлеңкелі жақтарын әшкерелеуге ұмтылған. Ол қаламгерлік қолтаңбасында лиризмнің нәзік қырларын терең игеріп, сәтті қолданыстарға бара алады. Осы тұрғыда Б. Мұқайдың көптеген көркем дүниелеріне тән бір ерекшелік – кейіпкердің жан әлемін бейнелеудегі нәзік сыршылдық көңіл-күйінің толқымалы құбылыстарын сезімталдықпен аша білу, шығармада парасат нышанының адамгершілік сипаттарымен үйлесімді дамуы болып табылады.

Жазушының біз атап кеткен шығармаларында басты идея кейіпкердің іс-әрекеті, әлеуметтік тіршілігі арқылы ғана емес, тебіреніс-толғаныстары, қуаныш-сүйініші, өмірге көзқарасы, түрлі сезім күйлері арқылы да келісім табады.

Жазушы әңгімелерінен балаң балалық шаққа бойлау байқалады. Жазушы өз әңгімелерінде адам болмысын философиялық, адамгершілік-эстетикалық тұрғыдан бейнелеуге ұмтыла отырып, балалық кезеңге тән адам бейнесін сомдауға қалам тартқан туындыларында да қаламгерлігінің тағы бір қыры танылады. Бұл салада “Алғашқы махаббат”, “Жаңбыр жауып тұр”, “Жетімдер” әңгімелерін алуға болады. Аталмыш шығармаларда автор бала дүниесіне тереңнен бойлап, психологиялық қырынан ашуға тырысады. “Алғашқы махаббат” әңгімесінде мектеп қабырғасында қылаң беріп, бойды еліткен махаббат сезімдерін суреттеп жеткізеді. Автор кейіпкердің сезім суретін, ой толғанысын берік логикалық фактордың әсері – “көзінің астында тарыдай ғана мөлдір мені бар” [4, 126 б.]. Мәнсия атты қызға деген сезім оты, балаң махаббат ұшқыны болатын. Кейіпкер осы ғашықтық әсерінен ерекше сезімге бөленеді. Осы жерде жазушы ізденісі суреткерлік пайымдаулардың орнын баса айтқан жөн. Олай дейтініміз – лирикалық парасатты көңіл-күй, ой құшағынан босанбай, балаң махаббат иесін балалық сезім күйінде суреттеуі еді. Бас қаһарман өз портретін “тәмпіш мұрын, жітік көз, қара бала” [4, 125 б.] деп, таныстыра отырып, өзін Мәнсия махаббатына тең емес екендігіне күйіне, ойын жалғастырады. Кейіпкердің бойындағы лири-

калық толғаныс іспетті бұл әңгіме жазушының жас кезеңнің бір аспектілерін ашуға бой ұруға талпыну әрекеті сынды. Себебі, нәзік лиризмге толы шынайы әңгіме ғашықтық сезімнің толғанысы. Бас кейіпкер – Бекен ғашық қызы, сыныптасы Мәнсияға ғашық болып, оның үйінің сыртынан қызды аңдып, көргеніне жүрегі алып-ұшып жүгіреді. Бірде ол өзінің сыныптасы, шығарма кейіпкерінің бірі Айдарбектің де Мәнсияны аңдидынынын байқайды. Айдарбек те қызға ғашық. Бірақ ол кемістігінен қызға өз сезімін жеткізе алмай, іштей қорланады, намыстанады. Оның қалада оқитын ағасы Қайдарбек қызды сыртынан естіп, інісінен қызға хат беріп жібереді. Жас қыз студент жігітті ұнатып, кездесіп жүреді. Осы ғашықтықтың аяғы Айдарбек өліміне әкеліп соғады. Мәнсия басқа мектепке ауысып кетеді. Міне, шығарма оқиғасы осындай аянышты жағдаймен аяқталады. Бірақ, авторлық шешіммен бой алған көркем дүние аясында нәзік лиризм өрнектері тоғысып, оқырманды ерекше әсерге бөлейді. Балаң махаббат иесі Бекен сезімі оның характерлік қырын аша түседі. Осы кейіпкер атынан әңгімеленген туындыда оқырман Айдарбектен де, оның ағасы Қайдарбекпен, Мәнсиямен, тіпті Шәуенмен де танысады. Осындай образдың хал-күйін, мінез-құлқын, қуаныш ашуын, харктерін ашуында саралап мүсінделгені шығарма бойнынан көрініп тұрады. Бас кейіпкер өзіндік сезімін ғашығына жеткізе алмағанына қорланады, және қызға ғашық Айдарбекті менсінбейді, қызғанады. “Мәнсияның жанында Айдарбек кім, аяғы кем, әкесі жоқ жетім. Қыз оған пысқырап та қарамайды. Мәнсияның Айдарбекке күле қарағанын көрген емеспін, жылан көрген кірпідей жиырылып, қашқақтап жүреді. Соны біле тұра, қыздың соңынан жүгіруі Айдарбектің ақымақтығы. Ең болмаса қыз қарарлық келбеті болса бір жөн. Шегір көз, жалпақ бет. Мәнсияның иығынан-ақ келеді. Дәмесінің зорын жаманның” [4, 129 б.]. Осылай менсінбеген кейіпкеріміз бірақ шығарма барысында Айдарбекпен тауласып, басынан өткен оқиғалар тізбегінде, оның жанындағы ой мен сезімдер ағынын сезініп, күйініштері мен күйіктерін бірге түсінеді, өзара ұғынысып, ортақ мәмілеге келеді. Яғни, ол сыныптасының ірілі-ұсақты оқиғалар тұсында көреген әрі адамгершілік тұғыры биік жан екендігіне көз жеткізеді. Автор өз тарапынан бұндай шешімге жетуде түрлі оқиғаларды шиеленістіре түседі. Осы шиеленістің бір ұшы ағасы Қайдарбектің іс-қимылының дәрежелігі,

ой-танымының таяздығының салдарынан жасаған әрекеттерінен шығады. Бұл көркем шығармадағы тартыстардың шиеленістерге ұласуына әкеліп соғады. “Мәнсияның жыламсыраған даусы естілді.

- Қойыңызшы! Мұның не? Айқайлаймын!

Айдарбек орнынан атып тұрды да маған қарады.

- Баршы, маған ұят қой, - деді жыламсырап. Орнымнан ұшып тұрып, өзен жаққа қарай жүгіре жөнелдім...

- Неге ұрасың? – деді Қайдарбек жақындап келіп. – Қызғанасың ғой.

- Жоқ! – дедім асып-сасып. Жүрегім ал кеп туласын” [4, 145 б.].

Осындай тартыс шығарма барысында авторлық шешімін табады. Соңғы тартыс әрекеттің аяғы Айдарбек өліміне әкеліп соғады. Оқырман Қайдарбек әрекетінен жиренеді. “Қыспен бірге бір семестірін аяқтап, Қайдарбек жетті. Өзі кәдімгідей өзгеріпті. Шашын өсіріп жіберіпті, қияқтай мұрты бар, бұрынғысынан ашаң, бойы да сәл сұңғақ тартқан сияқты. Қашан көрсен аузынан сигареті түспейді. Келгелі бері алшаң басып, көшеде жүр” [4, 148 б.] дейтін сипаттаулар арқылы жазушы бұл бейнені өркөкірек, дәрменсіз етіп көрсеткісі келеді. Оқырманына жауабы қиын біраз сауалдар тастап ойлантады. Неге шығармадағы ең көркем де әдемі қыз бала осындай жігітке ойы кетіп, ғашық болады, Айдарбектің танымайтын адамдар арасына көпір сала отырып, сенімсіз көңлінің оларды аңдуы сынды жайттардың сырын ашуға талпынтады. Шығарманың көркемдік қуаты осында. Шығармада “ - Әкем көріп қойса ұрсады” [4, 136 б.] – деп әке қаталдығынан сескенетін Мәнсия мінезіндегі ұяңдық та нанымды. Ал, Айдарбектің ағасын өзі ғашық қызбен табыстыру әрекеті оның мінезінің осалдығын көрсетеді. Жазушы көркемдік шешімін таба білген аталмыш әңгімеде қаламгердің өмірге көзқарасы, байламы мен пайымдауы - әңгіме бойындағы негізгі және қосалқы кейіпкерлердің сыр-сипаттары мен жан сезімдерінің, әрекеттерінің тіпті өмір жолдары мен характер бітімінің өзгеше өрнектелуі арқылы өріледі. Қысқасы, автордың проза әлеміне ендеп келген кезеңде қаламынан шыққан шағын әңгімеде суреттелген кезеңнің жаңаша болмыс-бітімі бар характерді кездестіреміз. Бұл тек әдеби, көркем характерлер емес, өмірдегі өз орындары қалыптасқан адам ретінде жанының жаратылысымен, барша қайшылығымен көзге түседі. Міне, сондай кесек характердің бірі – Айдарбек.

Мінезі сан қырынан суреттеліп, адамгершілік іс-әрекетінің нанымдылығымен көзге ерекше түсетін образ, әңгіме барысында кейіпкердің психологиясы, характері нақты көркемдік жинақтаулармен анық суреттелген. “Айдарбек орыннан атып тұрды да, маған қарады.

-Баршы, маған ұят қой – деді жыламсырап” [4, 145 б.].

Автор кейіпкердің болмысындағы ұяндықты, кішіпейілділікті оның осындай сөз саптаулары арқылы және оның толғанысы арқылы ашып береді. Белгілі ғалым Рымғали Нұрғалиев “Кейіпкер сөзін белгілі мақсатқа ойластырғанда әрқашан мінез жасау, психология беру талабы бір бүйірде жатпақ” [5, 140 б.], дегеніне сүйенсек, жазушының кейбір психологиясын, мінезін, оның өзіне ғана тән тұлғасын ашуда диалог яғни кейіпкер сөзін пайдалануын алуға болады. Оның бітім тұлғасы әсіресе Бекенмен арасындағы диалогтардан көрінеді.

“ - Қайдарбек оны сүймейді – деді ол күйінішті үнмен.

- Неге?

- Білмеймін өзі айтты ғой.

- Мәнсияға жаным ашиды, - деді Айдарбек аз-кем үнсіздіктен соң. Даусы қалтырап іріп шықты.

- Неге? Саған бәрібір емес пе?!

- Соны да түсінбейсің бе?” [4, 144 б.].

Кейіпкердің жан тазалығын, екі ұдайы сезімді басынан кешіріп, нақты шешім қабылдай алмауын, кейіпкер характерімен тікелей байланыстырған әңгімеде автор өмірдегі шынайы әрекеттерден көркемдік шешім түйіндейді. Шығарма соңындағы Айдарбек өлімі характер бойындағы қайсарлықтың ашылуы. Ал, Мәнсия образын автор шығармада оның ішкі жандүниесін, бітім-болмысын бір арнайы жайлармен бедерлемейді. Тек оның ой-түсінігі, дүниетанымы Бекен яғни, бас қаһарман көзқарасымен оқырманға ой салады. Ал Қайдарбектің сыртқа жылтырап көрінетін сырбаз бейнесі басына іс түскенде барынша ашылып, ішкі кереғарлығы толық көрініс береді. Әңгімедегі Қайдарбектің тоғышар, менмен мінезін ішкі дүниесінде болып жатқан өзгерістерді ұтымды детальдар арқылы ашып, күнделікті өмірдегі Қайдарбек сынды бейненің типтік психологиясын шыншыл өрнектейді. Осындай рухани кемшін жандардың өмірде адалдық пен ізгілікке кедергі болатынын ұғындырады. “Психологизм мен әлеуметтік жағдайдың өзара байланысы қай ретте адамның өз жанымен арпалысының нәтижесінде жүзеге асады. Әлеу-

меттік жағдай мінезге, характерге сырттан келіп қозғау салатын секілді” [6, 184 б.].

“Қайдарбек те бір нәрсені білген болуы керек, иығы сөлбірейіп түсіп кетті, монтайсып бейкүнә адамның кейпіне енді. Балалар оны қоршап алды. Мәнсия жылап жіберді. Қайдарбек жалт бұрылды да, тырағайлап қаша жөнелді, бір топ бала оны тұра қуды” [4, 141 б.]. Кейіпкердің мінез табиғатын шығарманың идеясымен қиюластыра, шындықпен ағастыра отырып, оның бітім-тұлғасын автор әр қырынан сипаттау арқылы, жағымсыз тұсын әшкерелеуге тырысады. Шығарма соңындағы өз інісінің өліміне себепкер болуы шығармадағы тартысты шиеленістіріп, трагедиялық шешіммен аяқталуы оқырманын да қоса тебіренгітіп, ойға шомдырады. Кейіпкерлердің күрделі жан-дүниесінен хабардар етеді. Оқырман Қайдарбек бейнесінен қара басының қамын күйттеген, тоңмойын, нәзіктік пен сұлулықты сезіне білмейтін, адам жанын түсіне алмайтын дөкір адамның мінезін көріп жиіркенсе, Айдарбек, Бекен бейнелерінен нәзік жанды кіршіксіз таза жүректі, сезімтал адамдардың жан дүниесіне үңіледі. Сонымен “Алғашқы махаббат” әңгімесінде де жазушы бүгінгі күннің мәселесін көтеріп, адамгершілік пен адалдық сезімдерін дәріптеу арқылы жамандық дертімен күресу проблемасын, өзіншілдік, эгоизммен күресуді уағыздайды.

Әдебиеттер:

1. Виноградов В.В. О языке художественной прозы. – М.: Наука, 1980. – 360 с.
2. Пірәлиева Г. Ішкі монологтың кейіпкер психологиясын ашудағы көркемдік қызметі: Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 1996.
3. Қаратаев М. Әдебиет және эстетика // Таңдамалы: 3 т. – Алматы: Жазушы, 1974. – 2т.
4. Мұқай Б. Алғашқы махаббат: Хикая мен әңгімелер. – Алматы: Рауан, 1993.
5. Нұрғалиев Р. Күретамыр. – Алматы: Жазушы, 1977.
6. Елеуқенов Ш. Замандас парасаты. – Алматы: Ғылым, 1977.

* * *

Статья посвящена анализу рассказов Б. Мукай, в которых натура человечества описана с точки зрения философии и эстетики гуманизма. Произведения передают цельный образ человека, свойственный его детству.

* * *

The article analyzes stories of B. Mukai in which nature of human being is described in terms of philosophy and aesthetics of humanism. Article also focuses on other works in which the image of human being inherent to childhood is described.